

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 мамырдағы N 411 қаулысына толықтыру мен өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 29 сәуір N 529. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.08.15. N 1260 қаулысымен. ~P971260

Республикадағы экологиялық жағдайды жақсарту, сондай-ақ импортталатын автомобильдерді техникалық және экологиялық қауіпсіздікке міндетті сертификаттаудан өткізуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасында өнімді (жұмысты, қызмет көрсетуді) міндетті сертификаттауды кезеңімен енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 мамырдағы N 411 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 18, 216-бап) мынадай толықтыру мен өзгерту енгізілсін:

Мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті мен Ішкі істер министрлігі 1996 жылдың 1 маусымынан бастап мемлекеттік автомобиль инспекциясы органдарында заңды және жеке тұлғалар импорттайтын жаңа және ұсталған автомобильдерді техникалық және экологиялық қауіпсіздікке арналған сертификаты ұсынылмаған болса, оларды кедендік ресімдеу мен есепке қоюға тыйым салсын";

6-тармақ 7-тармақ болып саналсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі